

ХФТАР 16.21.49, 34.39.31

Қарлығаш Сарекенова¹, Қымбат Тұрарханова²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹sareke.kk@gmail.com, ²kymbat-9697@bk.ru)

Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері

Аңдатпа. «Мәңгілік елдің» мәңгілік тілі ретінде қарастырылып келе жатқан тіліміздің ерекше байлығын көрсететін тұрақты тіркестер осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде түрлі аспектіде зерттеу нысанына алынып келеді. Бірақ барлығы дерлік зерттелді деуге болмас. Бұл, әсіресе анатомиялық атауларға байланысты, оның ішінде тыныс алу жүйесіне қатысты атаулар ұйытқы болған тұрақты тіркестер зерттеу нысаны ретінде тілдік тұрғыдан арнайы қарастырылмаған еді. Ұсынылған мақалада сөз болған лексикалық қабаттың қолданыс ерекшелігі жан-жақты сараланады. Сол себепті салыстырылып отырған қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу мүшелерінің атауларына қатысты тұрақты тіркестердің адам факторы тұрғысынан мағыналас топтарға жіктелуі оның ішкі мағыналық ерекшеліктерін айқындаудың ұтымды әдісі ретінде саналады.

Мақала ішкі ағза атауларына байланысты соматикалық фразеологизмдердің жоғарыда аталған тармақтарының жеке-жеке қолданыс ерекшелігін көрсету арқылы қазіргі қазақ әдеби тілінен алатын орнын анықтау мақсатында жазылды. Ол үшін мағыналық жіктерге бөлу әдісі қолданылды. Яғни, олардың тарихи кезеңдерде өз дәрежесін жоғалтпай, қазіргі әдеби тілімізге дейін жетуі екі саланың бір-бірінен алшақ кетпегендігімен дәлелденді.

Түйін сөздер: Тіл білімі, анатомия, ішкі организм, концепция, респираторлық жүйе, фразеология, соматизмдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-146-152>

Кіріспе. Қазақ және түрік тілдеріндегі адамның тыныс алу жүйесі атауларына қатысты фразеологизмдердің ерекшеліктерін ашу мақсатында тұрақты тіркестерді табу, олардың мағыналас топтарын анықтау, фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне байланысты концептілерге жіктеу міндеттері қойылды.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері: ХХІ ғасырдың басты парадигмасы ретіндегі деңгейде өрістеп отырған ғылыми зерттеудің антропоцентрилік парадигмасы тіл білімі ғылымының тарихындағы дәстүрлі тарихи-салыстырмалы (ХІХ-ХХ ғ.) және жүйелілік-құрылымдық парадигмалардың (ХХ ғ.) заңды жалғасы болып табылады.

Тілдердің генеалогиялық туыстастығы мен өзара қарым-қатынасын, тілдік одақтар мен тілдік топтардың жалпы сипатын анықтауды дйттеген тарихи-салыстырмалы парадигма мен жекелеген тілдердің ішкі құрылымдық жүйесінің таза тілдік табиғатын ашуды көздеген құрылымдық-жүйелілік парадигмасының аясында тіл білімі ғылымының теориялық-методологиялық негіздемесі қаланып, аса құнды іргелі ғылыми еңбектер жарық көрді. Алайда, бұл бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктері ауқымды таңбалық схемаға бағындырылып, тілдік жүйенің өз ішінде қарастырылды. Тілдік бірліктердің адам баласының ойлауымен, таным әрекетімен, жасампаздық рухымен астасатын, сол арқылы «Руханият – Мәдениет – Өркениет» контексіне алып баратын терең қатпарларының табиғатына жеткілікті мән берілмеді. Адам, оның таным әлемі, салт-санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі, рухани өресі т.б. экстралингвистикалық факторлар саналып, зерттеу нысанасынан тыс қалды. Бұл жағдай тіл білімі ғылымының жалпы гуманитарлық бағыттағы өзге ғылымдармен, қоғамдық-әлеуметтік пәндермен тығыз байланысын әлсіретіп, лингвистикалық зерттеудің ғылыми методологиясындағы біржақтылықты (грамматикалық) қалыптастырды [1, 10 б.].

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні белгілі. Ақпараттық технология үстемдік

етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «Табиғат – Адам – Қоғам» үштігі контексінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді. Ендігі жерде тіл феноменін тілдің өз ішінде, тілдік жүйенің өзіндік заңдылықтары тұрғысынан зерттеу жеткіліксіз. Заман талабы тіл біліміне пәнаралық сипат дарытып, тілді зерттеудің антропоэзектілік бағытындағы жаңа әдіснамасын жасауды міндеттейді.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объекіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

Тілді зерттеудің антропологиялық бағдарламасы адам және оның тілі арасындағы байланысқа қатысты мынадай мәселелерді ғылыми зерттеудің ең маңызды проблемалары етіп ұсынады: 1) тіл және адамның рухани белсенділігі; 2) тіл және адамның ой-санасы; 3) тіл және адам физиологиясы; 4) тіл және индивидтің психикасы; 5) тіл және мәдениет; 6) тіл және адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы; 7) тіл және қарым-қатынас; 8) тіл және қоғам; 9) тіл және адами құндылықтар; 10) тіл және таным т.б. Осы тұрғыдан келгенде, антропологиялық ұстанымды тілді зерттеуге негіз ету тіл болмысының алуан түрлі қырларын теориялық тұрғыдан біріктіруге, байланыстыруға мүмкіндік берері сөзсіз [2, 9 б.].

«Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау және тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Тілтанымның антропологиялық ұстанымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді. Айталық, қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б. ілімдердің қай-қайсысы да адам тілі және оның таным әлемінің өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектейді» - дейді. Э.Н. Оразалиева қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ұстанымдар, тілтанымдық қағидалар мен тұжырымдамалар жүйесінің қалыптасу, даму кезеңдерін «лингвистикалық білім» парадигмасы аясында қарастырған зерттеуінде [3, 41 б.] . Қазақ тіл біліміндегі фразеологияға қатысты алғашқы іргелі құралды І.Кеңесбаев 1977 жылы басып шықты. Ұсынылып отырған ғылыми мақаладағы тілдік деректер І.Кеңесбаевтың осы сөздігіне негізделеді.

Зерттеу әдістері: Мақалада саралау, статистикалық талдау және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды.

Нәтижелері мен талқылауы: Қазақ фразеологизмдеріне қатысты 5 мағыналық топтың ішіндегі соматикалық фразеологизмдер қатарында тыныс алу жүйесінің атауларынан 11 тұрақты тіркес талданды. Олар тақырыптық топтарға жіктелді. Аталған тұрақты тіркестердің ерекшеліктері анықталды.

Қазіргі таңда қазақ әдеби тіліндегі сөздердің жалпы қолданысы аясында түрлі мәселелер кездесіп жүр. Бұған тілдік қор, тілдік құрамдағы сөздердің қалыптасуы ықпал ететіні айқын. Нақтырақ айтсақ, әр тілдің фразеологиялық қорында 30% үлесі бар жалпы соматизмдердің аталмыш тілдер семантикасындағы маңызы зор. Сондықтан «адам» концептісінің зерттелуі тұрақты тіркестерді салыстыра талдауда өзекті мәселе болмақ. Себебі адам – қоғамдың және өндірістік қызметтің негізі. Ол қоғам субъектісі болғандықтан, әрбір ұлт оны қабылдау үрдісінде әртүрлі тұжырым жасайды. Адамның ішкі ағза атауларына байланысты фразеологизмдерді талдау арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік аламыз. Фразеологизмнің құрамындағы сөздер өздерінің жеке-дара мағыналарынан айырылып, дербес сөздерге балама ретінде қолданылады. Мұндай сөздердің тіркес құрамындағы мағынасы жеке алғандағы мағынасына сәйкес келмейді (көре алмау – қызғану; іші күй – өкіну, т.б.).

Профессор Г.Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты еңбегінде қазақ фразеологиясындағы мағыналас қатарлардың топтарын антропоцентристік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан фразео-семантикалық өрістерге жіктейді. Яғни, мағыналас қатарларды, ең алдымен, жалпы фразеологиялық семантикаға негіздей отырып, жалпыдан жалқыға сияқты иерархиялық принциппен жүйелейді. Сонымен, бұл мақаламызда тыныс алу жүйесіне жататын ішкі ағза атауларына байланысты фразеологизмдердің қазақ және түрік тілдеріндегі семантикалық ерекшелігін ескере отырып, этимология, семасиология, лексикографиямен бірге лексикологияның құрамында қаралатын фразеология саласында талданады.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен түрік тіліндегі мақал-мәтел үлгісіндегі фразеологизмдерді адамның ішкі ағза атаулары тұрғысынан қарастыру орынды. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің көптеген ортақ белгілері бар. Соған орай тұрақтылық белгісі тұрғысынан ХХ ғасырда қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді де фразеологизмдердің ерекше тобы ретінде қарастырылғаны белгілі. Жалпы тыныс алу жүйесі мүшелері бойынша жүргізілген талдаулар нәтижесінде табылған фразеологиялық тіркестерді фразеолог-ғалым Г.Смағұлованың еңбегіне сүйеніп, 5 мағыналық топқа бөліп қарастырдық: адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген, адамның физикалық қалпын бейнелейтін, адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған, уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген, тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын мағыналас тіркестер [4, 72 б.]. Осы топтарға жататын тыныс алу мүшелері атауларына қатысты тұрақты тіркестерді қарастырайық.

Адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген тұрақты тіркестер:

1. Аузы-мұрнын тас қылды. Дыбысын шығармайтындай етіп, аузы-мұрнын әбден бекітті, таңды. Мысалы: Патша сарайы жігіттің өзіне таныс. Ол күзетшіге байқатпай келіп, оның аузы-мұрнын тас қылып, дыбысын шығартпай, жерге көтеріп ұрып, аяқ-қолын байлап тастайды («Қаз.ертегі.») [5, 83 б.];

2. Аузы-мұрнын шиедей (шие жегендей) қылды. Аузы-мұрнын қан қылды, қан жалатты. Мысалы: Аңдып жатқан дуадақ жақындаған кезде қанатымен қағып қалып, түлкінің аузы-мұрнын шиедей қылып, жұлынын үзіп кетіпті («Қаз.ертегі.») [5, 86 б.];

3. Ат тұмсығын тіреді. Қонақ болып түсті, белгілі бір межелі жерге келіп жетті, тоқтады. Мысалы: Абай ауылынан кеткен бетінен қалаға бүтін жетіп, Мұқаметжан жаңа кеп, ат тұмсығын тіреген жері осы (М.Әуезов) [5, 72];

4. Мұрнымен жер тіреп, маңдайымен көк тіреп. Түн ұйқысын төрт бөліп деген мағынада да, аспан тіреп тұрған кісідей деген мағынада да айтыла береді [5, 95 б.].

Адамның физикалық қалпын бейнелейтін фразеологизмдер:

5. Аузы-мұрны қисаймай. Бет-аузы бүлк етпей, ұялмай, шіміркпей. Мысалы: Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан өлсең борыштанбай өлсеңші, неңді бересің деді-ау (Б. Майлин) [5, 82 б.];

6. Аузы-мұрнынан шығып отыр. Айы-күніне жетіп, босанғалы отырған әйелге айтылады. Мысалы: Анау отырған біздің тоқал да, – деді Тұрағал, жас бір әйелді иегімен нұсқап, – аузы-мұрнынан шығып отыр, оған әлгі бұрау басын сындыртпайды, бірдемеге қолғабыс тигіз десен, іштегі баласына зақым келер деп зыр-зыр етеді (С.Мұқанов) [5, 83 б.].

Адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған фразеологиялық тіркестер:

7. Ашуы мұрнының ұшында. Ашуы тез келетін, шертіп жіберсең, «жарылып» кететін тыз етпе, күйіп-піспе кісі туралы айтылады [5, 93 б.].

Уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген мағыналас фразеологизмдер:

8. Аузы-мұрнынан келді (шықты). Лық толды. Мысалы: Сөйтіп әр жерден сығылысып өтер жымба із жасап, екі бөлмені аузы-мұрнынан келтіре сықап толтырды да қойды (С.Шаймерденов). Аласа, қараңғы мектеп үйі аузы-мұрнынан шығып тұр (Б.Майлин) [5, 83 б.];

9. Аузы-мұрнынан шыққанша. Кеңірдегінен келгенше ішіп-жеп, ыңқия тою [5, 83 б.].

Тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын тұрақты тіркестер:

10. Алаөкпе тигір (болғыр)! қ а р ғ ы с. Кеселге ұшырағыр! Мысалы: Мына алаөкпе тигірлеріңді кидірмелетіп қайда апарасың, үйге кіргізейін деп пе едің соншама? (Х.Есенжанов) [5, 40 б.];

11. Жегенің мұрныңнан (желкеңнен) шықсын! қ а р ғ ы с. Өзіңе бұйырмасын деген мағынада. Мысалы: Таңқыбай: – Келінжан-ау, ақ келін-ау, түн көрмейін, күн көрмейін, жегенім мұрнымнан шықсын, Шоқ бикенің өзі мені қорқытып, қолындағыны қағып жүр (С.Адамбеков). Мен төремін. Білмедім қатер төнерін. Болмады дегенім, Желкемнен шықты жегенім (Д.Еркімбаев) [5, 42 б.].

Негізінен адамзаттың өзіне тән даму жолы кез келген бір іс-әрекетпен шұғылдануына тікелей байланысты болып келеді. Жоғарыдағы тұрақты тіркестердің алғашқы төртеуі түрлі қажеттіліктерді өтеуге байланысты белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған үдеріске байланысты. Яғни, «организмге оттегінің түсуін, көмірқышқыл газы мен су буларының организмнен шығарылуын қамтамасыз ететін» [6, 38 б.] тыныс алу жүйесі мүшелерінің атауларына қатысты тұрақты тіркестердің біршама үлесі адамның қимылына негізделеді. Аталған жүйеге, ең алдымен, мұрын қуысы жатады. Мұрын бірде ауызбен қосарланып келіп бірнеше фразеологизмнің жасалуына ұйытқы болса, енді бірде синонимдері арқылы да тұрақты тіркес құрай алады. Демек, мұрын қуысы атауының қазақ әдеби тіліндегі фразеологиялық тіркес құрау ретіндегі қолданыс аясы өте кең. Оның ауызбен қосарланып келуі адамның айналасында стереотип тұрғыда өтіп жататын қалыпты жағдайда да көрініс табады. Мәселен, ұялмай, шімірікпестен деген мағынадағы аузы-мұрны қисаймай тіркесі ешқандай эмоцияға бағынбай, тек табиғи қалыпта болады. Сол секілді айы-күні жетіп отырған әйелге аузы-мұрнынан шығып отыр деген тіркес айтылады. Жеке дара субъект ретінде қарағанда кез келген адам өзіне тән қасиеттері арқылы басқалардан ерекшеленіп тұрады. Демек ашуы мұрнының ұшында тұрған адамның өзіндік ашуланшақтық қасиеті дараланып көрінеді. Бұл тіркестің мағынасы сөздікте көбінесе мысқыл ретінде қолданылатынын дәйектейді. Ал қазақ мәдениетінде бұрыннан қабылдау ерекшеліктерімен түсіндіріліп келген өлшем ұғымына тоқталар болсақ, жоғарыда аталған мағыналары ұқсас фразеологизмдердің белгілі бір шекті, өлшемді білдіретіні сөзсіз. Аузы-мұрнынан шыққан кез келген дүниенің асып-тасып, лық толып жататыны бәрімізге белгілі. Мұның бірі мұрын қуысын ауыспалы мағынада қолданса, екіншісі ыңқия тойып алған адамның аузы-мұрнын тура мағынада бейнелеп тұр.

Қазақ халқының мәдени өмірі әдет-ғұрып түрлеріне аса бай. Солардың бірегейі – тілек-бата, садақа және ырымдар. Тілектің кейбір элементтері қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде жиі кездеседі. Мысалы, алаөкпе тигір, жегенің мұрныңнан шықсын деген тіркестер қарғыс мағынасында жұмсалып, тыныс алу жүйесі мүшелеріне байланысты фразеологизмдер қатарын толықтырып тұр.

Қазақ тіліндегі адамның ішкі ағзасына қатысты тұрақты тіркестер тұлғасы мен мағынасы жағынан түрік тіліндегі мақал-мәтел үлгісіндегі фразеологиялық тіркестерге ұқсас болып келеді. Ө.А.Ақсоу сынды түрік ғалымдарының фразеологиялық сөздіктерінде тыныс алу мүшелері қатысатын көптеген тіркестер кездеседі. Солардың кейбіріне тоқталып талдау жүргізетін болсақ, екі тілдегі ішкі соматикалық фразеологизмдердің ортақ ерекшеліктерін айқындамыз. Мысалы: Kulaktan burun yakın, kardeşten karın yakın [7, 603 б.].

Адам тыныс алуының қалыпты тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін мұрын қуысы фразеологизмдердің бұл ерекше тобында үйленгеннен кейін әрбір адамның ең жақыны қасындағы жары болатынын салыстырмалы түрде сипаттайды. Мұрынның тыныс алудан басқа, иіс сезу қызметін де атқаратыны осы тұста көрініп тұр. Яғни, кез келген иіске қатысты ақпаратты мұрын арқылы тез білуге болады. Надандық, түк білмейтіндік мағынасындағы onun burnu koku almaz [7, 719 б.] тіркесінде иіс сезбейтін мұрын ауыспалы мағынада ақылсыздықпен, оқымағандықпен сәйкес алынған. Бұл тұста 3-жақ тәуелдік жалғауының қосылғанынан burnu түбіріндегі екінші дауысты дыбыстың түсіп қалғанын байқаймыз.

Özveri, яғни адалдықты, берілгендікті білдіретін *burun, kulak başa sadaka olsun* [6, 235] тіркесі де құлақ атауымен бірге тіркесіп келіп бір мағынаны береді. Сол секілді аузы-мұрны қатар қолданылатын *öksüz kız beslersen, ağızın burnun yağ olur; öksüz oğlan beslersen, ağızın burnun kan olur* [7, 796 б.] деген мақал-мәтел үлгісіндегі фразеологиялық бірлік қыз баланың әрқашан өзіңе қамқоршы, жақын болып келетінін білдіріп тұр. Ал белгілі бір мәселе мағынасындағы *burun yüzden düşerse elden arbet olur* [6, 290 б.] тіркесінде мұрынның адам денесіндегі аса маңызды тыныс алу мүшелерінің бірі екенін түрік тіліндегі нұсқада дәлелдейді. Қазақ тіліндегі әр нәрсеге киліге берме, мұрныңды көкке көтерме деген сияқты тыйым сөздер мағынасын білдіретін *burnunu her deliğe sokma* [7, 200 б.], *başın gökte, burnun havada olmasın* [6, 163 б.] деген сынды фраземикалардың біріне *kişi kendisini ilgilendirmeyen her işe kalkışmamalı, aksi halde başına dert açabilir* анықтамасы берілсе, екіншісі *gugur*, яғни мақтаншақтық, кеудемсоқтық ұғымдарымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, ана сүтін ақтамау, ана сүтін көкке сауу деген сияқты негативті мағынадағы тіркестер түрік тілінде мұрынға қатысты айтылады. Мысалы, *acı çekme* дегенді білдіретін *anasından emdiği süt burnundan (fitil fitil) geldi* [7, 101 б.] фраземикасы бар. Яғни, ана сүтінің қадір-қасиетімен өлшенердей қатты қайғыланды деген мағынада айтылған.

Анатомиялық еңбектердегі мәлімет бойынша тыныс алу жүйесіне көмей де жатқызылады. Соған байланысты төменде берілген түрік тіліндегі фраземикаларды талдайтын болсақ, осы соматизмдердің мағыналық ерекшеліктері толықтырыла түсетіні анық. Мысалы, *hocanın ağızı ile girtlağı arasına bir kuzu sığar* [7, 356 б.] тіркесі астарлы түрде *sözde dindar kişi aç gözlü olur* дегенді білдіріп тұр. Яғни, білімді екенін тек сөзбен ғана дәлелдейтін адамның «аузы мен көмейінің арасы бір қозы сиятындай» болады. Қозы денесінің көлемін ескерсек, бұл тіркестің ауыспалы мағынада берер мағынасы толық ашылады. Ал әйел затының ерекше қасиетін түрік тілінде *kadının ihtiyaçları sınırsızdır, ne kadar iyi şekilde karşılınırsa karşılansın hep daha fazlasını ister* деп түсіндіреді. Демек, *kadının girtlağı olmaz* [7, 446 б.] деген фраземиканың сөздікте кездесуі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің қатарын толықтыра түседі. *Girtlak* сөзі тамақ ұғымында да кездеседі. Демек, 3-жақ тәуелдік жалғауының жалғануынан қатаңды ұяңға айналдыратын үндестік заңы түрік тілінде де көрініс табады. Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу мүшелері атауларына қатысты фразеологизмдердің мағыналары ашылып салыстырыла талдану барысында оларға тұлғасы жағынан да, ішкі мағынасы жағынан да ортақ адам факторының әсері тиетініне көз жеткіздік.

Тыныс алу мүшелерін анатомиядағы ғылым тілінде респираторлық жүйе деп атайды. Осы респираторлық жүйе мүшелерінің көпшілігі аталған екі тілдегі тұрақты тіркестерге негіз болып отыр. Қарастырған фразеологизмдердің ерекшеліктерін ескере отырып, осы түркі тілдері ұқсастықтарының болуын екі үлкен ғылым саласының бір-бірімен тығыз байланысты екенінің бір белгісі деп білеміз. Қазіргі лексикалық құрам мен тілдік қорды толықтырып тұрған тұрақты тіркестердің ішінде ішкі соматикалық фразеологизмдердің өзіндік орны бар екендігіне олардың екі тілге ортақ ерекшеліктерін талдау арқылы ішкі мағынасын аша отырып көз жеткіздік. Яғни, қазіргі тіл білімі ғылымының даму үдерісінде антропоцентристік бағыттағы жалпы адамзаттық мәселелер аясында респираторлық жүйе мүшелеріне негізделген фразеологизмдерді салыстырмалы әдіс тұрғысынан талдаудың тарихи да, тілдік те құны артып, сапасы салмақтана түспесе, кемімейтіні айқын.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде айтарымыз, қазақ және түрік тілдеріндегі паремиологиялық және фразеологиялық ерекшеліктерді «Адам – Тіл – Мәдениет» ұштағаны тұтастығы тұрғысынан зерделеп, екі халықтың дүние-әлем туралы білім қорының архаикалық қабатын құрайтын түсініктер мен ұғымдар легіндегі ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктер анықталды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сағидолда Г. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. / Г. Сағидолла – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 304 б.
- 2 Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова и др. – Москва: Наука, 1988. – 216 с.
- 3 Оразалиева Н.Ә. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: филол. ғыл. докт. ... дисс. / Н.Ә. Оразалиева - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 312 б.
- 4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. / Г. Смағұлова – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010. – 244 б.
- 5 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. / І. Кеңесбаев - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 356 б.
- 6 Сонин Н.И., Қисымқызы Ә. Биология. Адам: Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулық. / Н.И. Сонин, Ә. Қисымова - Алматы: Дрофа-Кітап, 2004. - 216 б.
- 7 Aksoy Ö.A. II Deyimler sözlüğü. Türk dil kurumu yayınları. / Ö.A. Aksoy - Istanbul, 1964. - 968 s.

Карлыгаш Сарекенова, Кымбат Турарханова

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках

Аннотация. В настоящее время устойчивые сочетания, отражающие особое богатство языка, рассматриваемого как вечный язык «Мәңгілік ел», становятся предметом изучения в различных аспектах казахского языкознания. Однако практически все аспекты были ранее исследованы. Это, в первую очередь, связано с анатомическими названиями, в том числе с изменениями, связанными с дыхательной системой, которые ранее не становились предметом специального исследования. В данной статье подробно проанализированы особенности использования лексико-стилистического слоя казахского и турецкого языков. Классификация устойчивых сочетаний, относящихся к названиям органов дыхания на данных языках, а также к значимым группам с точки зрения человеческого фактора, считалась рациональным методом определения их внутренних смысловых особенностей. Статья написана с целью определения места анатомических названий в современном казахском литературном языке с отражением специфики отдельных названий соматических фразеологизмов, связанных с названиями внутренних органов. Для этого использовался метод деления устойчивых сочетаний на смысловые группы. То есть тот факт, что они не потеряли своего статуса в исторические эпохи и достигли современных литературных языков, доказал, что эти две отрасли не были отделены друг от друга.

Ключевые слова: языкознание, анатомия, внутренний организм, концепция, респираторная система, фразеология, соматизм.

Карлыгаш Сарекенова, Кымбат Турарханова

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish

Annotation. Currently, set expressions, reflecting the special richness of the language, considered as the eternal language of “Migilik Yel”, are becoming the subject of study in various aspects of the Kazakh linguistics. However, almost all the aspects have been previously investigated. This is primarily associated with anatomical names, including changes associated with the respiratory system, which previously did not become the subject of a special study. This article analyzes in detail the features of using the lexical-

stylistic layer of the Kazakh and Turkish languages. The classification of set expressions related to the names of the respiratory organs in these languages, as well as to significant groups from the point of view of the human factor, was considered a rational method for determining their internal semantic features. The article was written in order to determine the place of anatomical names in the modern Kazakh literary language, reflecting the specifics of individual names of somatic phraseological units associated with the names of internal organs. For this, the method of dividing set expressions into semantic groups was used. That is, the fact that they did not lose their status in historical eras and reached modern literary languages proved that these two branches were not separated from each other.

Key words: linguistics, anatomy, internal organism, concept, respiratory system, phraseology, somatism.

References

- 1 Sagidolda G. Turki–mongol dunie beynesinin tildik fragmentteri [Language fragments of the Turkic-Mongol world image], («Sarıarqa» baspasy, Astana, 2011, 304 p.). [in Kazakh]
- 2 Rol chelovecheskogo faktora v yazyke: YAzyk i kartina mira [The Role of the Human Factor in Language: Language and Worldview], (Nauka, Moscow, 1988, 216 p.). [in Russian]
- 3 Orazalieva N.E. Qazaq til bilimindegi kognitivtik paradigma: filol. gyl. dokt. ... diss [Cognitive paradigm in Kazakh linguistics: philological. the science doctrine ... diss, (Arus, Almaty, 2007, 312 p.). [in Kazakh]
- 4 Smaǵulova G. Maǵınalas frazeologizmderdin ulttıq-madeni aspektileri [National and cultural aspects of meaningful phraseology], («Eltanym» baspasy, Almaty, 2010, 244 p.). [in Kazakh]
- 5 Keñesbaev I. Frazeologialyq sózdik [Phraseological dictionary], («Arys» baspasy, Almaty, 2007, 356 p.). [in Kazakh]
- 6 Sonin N.I., Qısymqyzy Á. Biologıa. Adam: Zhalpy bilim беретin mektepterge arnalǵan oqylyq [Biology. Adam: A textbook for secondary schools], (Drofa-Kitap, Almaty, 2004, 216 p.). [in Kazakh]
- 7 Aksoy O.A. II Deyimler sözlüğü [[II Idioms dictionary]. Türk dil kurumu yayınları [Turkish language institution publications], (Stanbul, 1964, 968 p.). [in Turk]

Авторлар туралы мәлімет:

Сарекенова Қарлығаш – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тұрарханова Қымбат – қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sarekenova Karlygash - Candidate of Philology, Associate Professor of the Kazakh Linguistics Department, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Turarkhanova Kymbat – Master student of the Kazakh linguistics Department, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.